

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 маусым N 690. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 904 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 904 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 P001376_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 40, N 455-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

2-тармақ "мақсаты" деген сөзден кейін "Республиканың қолданыстағы

заңнамасын, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талдау және оны жүйелеу жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

заңнаманы кодтау жөніндегі жұмыстың басым бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

кодталған және топтастырылған кесімдердің жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі